



Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ
КАФЕДРАСЫ


Тақырыбы: Пневмония. Жүрек
демікпесі. Есімдік оның түрлері

Оқытушы: Молдашева А.А
Уақыты:
Мерзімі:
Тобы: ЖМ-424

Жоспар


- ▶ Жүрек демікпесі
- ▶ Пневмония
- ▶ Есімдік
- ▶ Қорытынды
- ▶ Пайдаланған әдебиеттер

Жүрек - пішіні конус тәрізді, кеуде қуысының сол жақ жартысына жақын, екінші-бесінші қабырға деңгейінде орналасқан қуыс бұлшықет мүшесі. Жүрек массасы 250-300 г. Жүрек төрт қуысты: екі жүрекше мен екі қарыншадан тұрады. Жүрекшелер мен қарыншалар жақтаулы қақпашамен өзара байланысты болады. Жүрек қабырғасы үш қабаттан тұрады: эпикард, миокард, эндокард. Адамда қантамырлардың екі тұйық жүйесі - қанайналымның үлкен және кіші шеңберлері бойынша қозғалады.




LCA

Co



Қызметі: тасымалдау,
гуморальдық, жылу
реттеу, қорғаныш
қызметін атқарады.



Ағзаның ішкі ортасы: қан,
лимфа, ұлпа сұйықтығы.



- ▶ Жүрек тәулік бойы, өмір бойы жұмыс істейді. Оның жұмысы жүйке жүйесінің үнемі бақылауында болады. Жүрекше мен қарынша ішінде, сондай-ақ қан тамырлары қабырғасында жүйке ұштары - рецепторлар болады.
- ▶ Олар жүрек пен тамырлардағы кез-келген өзгерістерді қабылдап, оларды орталық жүйке жүйесіне береді.
- ▶ Сонымен қатар оған басқа мүшелерден қанмен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ақпарат түседі. Орталық жүйке жүйесі жауап ретінде жүрекке парасимпатикалық және симпатикалық жүйкелер бойынша импульс жібереді.


▶ Тыныштық жағдайында жүректің жиырылу жиілігі баяулайды, олардың күші парасимпатикалық жүйке әсерінен азаяды. Дене жұмысы немесе спортпен айналысу кезеңінде, керісінше, симпатикалық жүйкелер жиілікті жылдамдатып, жүрек бұлшықетінің жиырылу күшін арттырады. Нәтижесінде қанмен қамтамасыз ету күшейіп, мүшелерге қоректік заттар, оттегі, су көп түседі де зат алмасу өнімдері тез шығарылады.

▶ Жүрек жұмысы сондай-ақ гуморальдық реттеу әсерінде болады, яғни биологиялық белсенді химиялық заттар гормондар көмегімен реттелді.



► Пневмония (гр. *pneumon* – өкпе), өкпе қабынуы – өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ол көбіне қызылша, көкжөтел, тұмау, бронхи I, демікпе сияқты тыныс ауруларын немесе әсіресе жас балалар мен қарт адамдарда болатын қатаң аурулардан кейін пайда болады. Сонымен қатар ол СПИД-пен ауырған кезде де болуы мүмкін.

Main symptoms of infectious Pneumonia



Түрлері

Сырқаттың ұзақтығына қарай:

жедел пневмония
созылмалы
пневмония

қабынудың жайылып тарауына
қарай:

бөлікті пневмония
ошақты пневмония

Белгілері

- ▶ • Бірден қалтырап, ыстықтың көтерілуі;
- ▶ • Кеуде ауырады.
- ▶ • Науқастың халі ауырлайды
- ▶ • Жөтел (түсі сары, жасыл немесе қошқыл қоңыр, не сілекейге аздап қан араласқан).
- ▶ • Әр дем алы Пневмониядем шығарған сайын мұрынның желбезегі көтерілі Пневмония басылып тұрады. Дененің ысуы
- ▶ • Бетіне және ерніне салқын тигенде ұсақ жаралар шығады. Өте қатты ауырған бала минутына 50-ден астам ентіге дем алса, ол өкпе қабынуымен ауыруы мүмкін. Егер дем алысы жиі және терең болса, тексеріп көріңіз, бұл дегидрация немесе ұстамалы жүйке ауруы болуы мүмкін.

Есімдік

- ▶ Есімдіктер - заттың атын, сынын, санын, олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді.

Есімдіктер мағыналарына қарай
есімдіктер мынадай топтарға
бөлінеді:

1. жіктеу есімдіктер;
2. сілтеу есімдіктер;
3. сұрау есімдіктер;
4. өздік есімдіктер;
5. белгісіздік есімдіктер;
6. болымсыздық есімдіктер;
7. жалпылау есімдіктері;

Бақылау сұрақтары

- ▶ *Жүрекке* анықтама бер?
- ▶ *Пневмонияға* анықтама бер?
- ▶ *Пневмония* неше түрі бар?
- ▶ ***Сырқаттың*** ұзақтығына қарай пневмония қаншаға бөлінеді?
- ▶ ***Есімдік*** дегеніміз не ?
- ▶ ***Есімдік*** мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
- ▶ ***Сілтеу*** есімдігі дегеніміз не?
- ▶ ***Белгісіздік*** есімдіктер дегеніміз не?

Есімдікке байланысты тест сұрақтар



- ▶ 1. Есімдік қандай сөз табы?
- ▶ А) Заттың сынын білдіреді Ә) Заттың санын білдіреді
- ▶ Б) Заттың атын білдіреді В) Есім сөздер орнына қолданылады
- ▶ 2. Есімдік мағынасына қарай нешеге бөлінеді?
- ▶ А) 7 Ә) 6 Б) 5 В) 4
- ▶ 3. Жіктеу есімдігінің қанша жағы бар?
- ▶ А) 4 Ә) 2 Б) 3 В) 6
- ▶ 4. Сан есімдерді белгіле.
- ▶ А) он бір, табиғат, сары Ә) адам, оқушы, жеті
- ▶ Б) алты, он бір, екі мың екі В) сегіз, оқыды
- ▶ 5. Дара сын есімдерді көрсет
- ▶ А) ақ, қара, ащы Ә) қызыл ала, қара шұбар
- ▶ Б) қара көк, сұлу, сары В) қара торы, қып - қызыл

- ▶ 6. Жалқы зат есімдерді анықта
- ▶ А) тау, өзен, қала Ә) қала, оқушы, сана
- ▶ Б) Көксу, ой, газет В) Астана, Мұхтар, Ұлан
- ▶ 7. Зат есім нені білдіреді?
- ▶ А) заттың атын білдіреді Ә) заттың қимылын білдіреді
- ▶ Б) заттың санын білдіреді В) заттың көлемін білдіреді
- ▶ 8. Жинақтық сан есімдерді тап
- ▶ А) төртеу, тоқсан екі, он тоғыз Ә) үшеу, сегіз, он
- ▶ Б) біреу, екеу, жетеу В) екіден - бір, үштен екі
- ▶ 9. Туынды сын есімдерді белгіле
- ▶ А) жақсы, алыс, ауыр Ә) сары, әдемі, көркем
- ▶ Б) ұзын, салқын, ақ В) бойшаң, сөзшең, таулы
- ▶ 10. Сан есімнің сұрағын анықта
- ▶ А) қанша, неше, нешінші Ә) қандай, қай, кімнің
- ▶ Б) кім, не, несі В) не істеді, не қылды

► **Тапсырма.**

► **Мына сөздердің ішінен қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарды табыңыз.**

Абзал, әлпет, әзілдес, кемпірауыз, ләззатты, гауһар, тыюсыз, ганибет, бүйрек, көз, жұлын, өкімет, кәртеміш, ақтұнба, жазира, зәулім, өсіп, бұл, езулік, тәубе, өрен, тәуекел, көкжөтел, ділда, бұйымтай, мәлімет, жүрек, дүмпіту, әңгімеқұмар, бүркеніш

Грамматтикалық тапсырма:

Есімдікті табыңыз?

Жүрек - бұл пішіні конус тәрізді, кеуде қуысының сол жақ жартысына жақын, екінші-бесінші қабырға деңгейінде орналасқан қуыс бұлшықет мүшесі. Жүрек массасы 250-300 г. Жүрек төрт қуысты: екі жүрекше мен екі қарыншадан тұрады. Жүрекшелер мен қарыншалар жақтаулы қақпашамен өзара байланысты болады. Жүрек қабырғасы үш қабаттан тұрады: эпикард, миокард, эндокард.

► Тапсырма.

*Сөйлемнен көмекші есімді тауып,
қай септікте тұрғанын айтыңыз.*

*Үйдің сырты да, іші де адамға
толды. Біз өзеннің бойымен
ауылдың маңына жақындадық.
Үйдің жанында, екі көшенің
арасында ол сенің күтті. Солтың
үстінде де, астында да еш нәрсе
жоқ. Қаланың сыртындағы
өзеннің жағасында жақсы
санаторий бар. Мектептің
қасына кітапхана салды.*

► Тапсырма:

► *Берілген мақал-мәтелдердің сыңарын табу.*

1. Дәрі шөптен шығады аунап тұрдың
2. Аурып тұрдың тән азады
3. Жан ауырса ой білу үшін
4. Көз көру үшін ақын көптен шығады
5. Дәрігер біреу үшін дәрі ішпейді
6. Әр бастың ауруы ауру тұрмайды
7. Ас тұрған жерде әр басқа

Термин сөздер:

Эпикард- жүректің сыртқы қабаты

Миокард- ортаңғы қабаты

Эндокард -ішкі қабат

Пневмония (гр. *pneumon* – өкпе), өкпе қабынуы

Апноэ- тыныстың тоқтауы.

Брадикапноэ- тыныс алудың азаюы.

Тахипноз- тыныстың жиіленуі.

Тахикардия- жүректің қатты соғуы.

Брадикардия- жүректің аз соғуы.

Гипертермия- температураның көтерілуі.

Гипертония- қан қысымының көтерілуі.

Гипотония- қан қысымының түсуі.

Психологиялық тест

Мына ағаштардың бірін таңдап алыңыз. Қайсысы көзіңізге ерекше түсті, соның реттік нөміріне қараңыз.



- ▶ **1. Жомарт және адамгершілігі жоғары жансыз.** Сіз үнемі үздік болуға талпынасыз. Кеудемсоқтық қасиетіңіз де жоқ емес. Жұрт сырттай сізбен тіл табысу қиын деп түсінеді. Олай емес, тек сіз өзіңізбен-өзіңнің табысуыңыз оңай шаруа емес. Сіз үнемі белсенді жұмыс атқарасыз. Бірақ өзімшіл емессіз. Сіз өз әлеміңізді әдемілендіру үшін тынбай жұмыс жасайсыз. Сіз біреуді жаныңызға жара салғанша жақсы көресіз. Ал содан кейін... содан кейін де жақсы көруден танбайсыз. Сіздің ісіңіздің қадіріне жетіп жүрген жандар аздау.
- ▶ **2. Еліктіргіш және шыншыл адамсыз.** Сіз біреуге көмектесуге қашан да даяр тұратын жауапкершілігі жоғары жансыз. Сіз адал жұмыс жасауды жақсы көресіз. Қандай да бір жұмысты өз міндетіңізге алудан қашпайсыз. Сіздің мінезіңіз көпке ұнамды. Сізде үнемі көптің көңілінен шығатын қызықты әңгіме таусылмайды.
- ▶ **3. Ақылды және ойшыл жансыз.** Сіз сөзсіз ой адамысыз. Сіздің идеяңыз бен ойларыңыз өте маңызды. Сіз жалғыз қалғанда көп ойға берілесіз. Өзіңіздей үнемі ой үстінде жүретін жандармен сұхбат құрудан қашпайсыз. Сіз өзіңіз дұрыс деп жасаған нәрсені жасайсыз. Оған көпшілік бір ауыздан келісе қоймауы да мүмкін.
- ▶ **4. Зерек жансыз.** Сіз өз ортаңызда сирек кездесетін жалғыз адамсыз. Сізбен қатар тұрар жан жоқ. Тіпті сізбен салыстыруға тұрарлық жан да... Сізді көбі дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан ондай жандардың ісі сізді үнемі ренжітеді. Сізге жеке кеңістік құру қажет. Шығармашылығыңызды байыта түсіңіз. Өйткені жұрт сізді шығармашылығыңыз үшін де қадірлейді.

- ▶ **5. Сенімді жансыз.** Сіз тәуелсіз жансыз. "Бәрін өзім жасаймын" деген қағиданы ұстанасыз. Тек өзіңізге ғана сенесіз. Сіз жақындарыңыз үшін қалай сенімді болудың құпиясын білесіз. Жұрттардан бар тілеріңіз - олардың сізге адал болуы. Өйткені сіз адал адамдарды бағалайсыз, шындықты сүйесіз.
- ▶ **6. Мейірімді және сезімтал жансыз.** Сіз адамдармен оңай қарым-қатынас орнатасыз. Досыңыздың саны көп. Олардың өмірін жақсарту үшін қолыңыздан келгенін аянып қалмайсыз. Сіз бар жерде кейбіреулер өздерін артық сезінеді. Сіз махаббатқа сенесіз, онсыз өмірдің мәні жоқ деп ұғасыз.
- ▶ **7. Бақытты және өзін-өзі еркін билейтін жансыз.** Сіз адамдарды айтқызбай-ақ ұғатын кішіпейіл адамсыз. Әр адам өмірде өз жолын салуы керек деп түсінесіз. Сіз кез келген шараны, оқиғаны да қорқынышсыз қарсы аласыз. Көп мазаланатыныңыз тағы бар. Үнемі бос уақытты тиімді өткізесіз.
- ▶ **8. Әдемі және қайратты жансыз.** Сіз көңілді де күлдіргі адамдардың қатарынансыз. Егер әңгіме қандай да бір оқиға жайында өрбіп жатса, үнемі "Қолдаймын" деп қол көтеруге дайын жүресіз. Сіз таңқалудан да, таңдандырудан да жалықпайсыз. Бәрін біліп алғыңыз келіп тұрады. Егер сізге бір нәрсе қызық болса, соның жай-жапсарын анықтағанша байыз таппайсыз.
- ▶ **9. Жолы болғыш адамсыз.** Сіз үшін өмір - сыйлық. Сол сыйлықты сәтті пайдалану керектігімен бас қатырасыз. Өмірде қолыңыз жеткен жетістікпен марқаясыз. Жаныңызға жақын жанмен бар қуанышты бөлісуге әзір тұрасыз. Кешіре де, кешірім сұрай да аласыз.

Қорытынды

- ▶ Шынығу-шынықтырудың да мәні зор. Шыныққан адамның жүрегі қандай жұмыс істесе де көпке дейін шаршамайды. Денесі де ширақ, көңілі көтеріңкі болады. Жүректің бұлшықеттері қалыңдап, ырғақты жиырылады. Шынықпаған адам өлсіз, тез шаршайтын болады. Пневмония өкпе қабынуы – өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ол көбіне қызылша, көкжөтел, тұмау, бронхит, дем ікпе сияқты тыныс ауруларын немесе әсіресе жас балалар мен қарт адамдарда болатын қатаң аурулардан кейін пайда болады.

Қолданылған әдебиеттер:

- ▣ *Адам анатомиясы – Алшынбай Рақышев – Алматы 2004*
- ▣ *Ішкі ағза ауруының пропедевтикасы- Б.Н.Айтмамбет – Алматы 2005*
- Қазақ энциклопедиясы*
- ▣ www.google.ru



НАВАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!!!